

Тақырып. Халықаралық несие: негізгі формалар және мәні

1.Халықаралық несие: түсінігі

2.Халықаралық тәжірибедегі несие түрлері және негізгі формалары

1. Халықаралық несие: түсінігі

Халықаралық несие - несие капиталының халықаралық экономикалық қатынастар аясында қозғалу нысаны, мемлекеттер, халықаралық банкілер, қаржы ұйымдары, мен фирмалар, басқа да заңды және жеке тұлғалар халықаралық ынтымақтастық барысында мерзімділік, қайтарылымдылық және пайыз төлеу шартымен беретін несие.

Халықаралық несие – бұл бір ел мемлекеттерінің, банктерінің, сондай-ақ өзге заңды және жеке тұлғаларының екінші бір елдің мемлекеттеріне, банкілеріне және өзге заңды және жеке тұлғаларына беретін займдары.

Халықаралық несие -

- * несие капиталының халықаралық экономикалық қатынастар аясында қозғалуы нысаны,
- * мемлекеттер, халықаралық банктер, қаржы ұйымдары, жеке банктер мен фирмалар, басқа да заңды және жеке тұлғалар халықаралық ынтымақтастық барысында мерзімділік, қайтарылым және пайыз төлеу шартымен беретін несие.
- * Несие санаты түрлерінің бірі болып табылатын Халықаралық несие нарықтың басқа да экономикалық санаттарымен (пайда, баға, ақша, валюта, валюталық бағам, төлем теңгерімі) Немесе экономикалық заңдарымен байланысқан.
- * Халықаралық несие көздері кәсіпорындардың уақытша бос ақшалай капиталы, мемлекеттің және жеке сектордың ақшалай қоры, сондай-ақ банктер бірқатар елдерден тартатын капиталдар.

Халықаралық несие XIV - XV ғасырларда Еуропадан Таяу және Орта Шығыс, ал, кейінірек Америка мен Үндістанға бағытталған теңіз жолдарын игеруден кейін халықаралық сауда шенберінде пайда болды. Оның әрі қарай дамуы өндірістің ұлттық шекаралардан шығыуына, мамандануына және кооперациялануына байланысты болды.

Сыртқы экономикалық байланыстардың дамуымен байланысты, халықаралық валюта – несие ұйымдарына мыналар жатады:

- Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ),
- Халықаралық қайта құру және Даму Банкі (Дүниежүзілік банк) мен оның ұйымдары
- Халықаралық Даму Қауымдастығы
- Халықаралық Қаржы корпорациясы,
- Еуропа қайта құру және даму банкі және т.б.

Халықаралық несие формалары.

1. Бағыты бойынша :

- Коммерциялық несие ;
- Қаржылық несиелер;
- Аралық несиелер (Промежуточные кредиты).

2. Түрі бойынша (По видам):

- тауарлық;
- Валюталық.

3. Мерзімі бойынша (По срокам):

- Қысқа мерзімді (1 күннен 1 жылға дейін);
- Орташа мерзімді (1-5 жыл);
- Ұзақ мерзімді (5 жылдан артық);

Халықаралық несие формалары.

4. Қамтамасыз етілуі бойынша :

- Қамтамасыз етілген ;
- Бланктік несие .

5. Несие алушының категориясына байланысты:

- Фирмалық ;
- Банктік;
- Брокерлік;
- Үкіметтік ;
- Аралас
- Халықаралық қаржы институттарының мемлекет аралық несиелер .

Халықаралық несиенің қағидалары:

Қайтарымдылық - егер алынған құралдар қайтарылмаса, онда ақшалай капиталды қайтарымсыз аудару орын алады, яғни қаржылындыру.

Мерзімділік - несиелік келісімде белгіленген мерзімде несиенің несиетің қайтарылуын қамтамасыз етеді

Төлемділік құн заңы әрекетін және несиетің дифференциялданған шарттарын іске асыру тәсілдерін айқындайды.

Материалдық қамтамасыз ету халықаралық несиегі өтеу кепілдігінде көрініс алады.

Мақсатты сипат-қарыздың нақты объектілерін(нысандарын) анықтау

Халықаралық несие, қарыз капиталы қозғалыстың нысаны бола тұрып, оның халықаралық экономикалық қатынастар аясындағы ерекшелігін келесі қызметтерді (функцияларды) орындау арқылы айқындайды:

1. Кеңейтілген ұдайы өндіріс қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қарыз (ссудалық) капиталын елдер, аймақтар, салалар арасында қайта бөлістіру.

2. Халықаралық есеп айырысу аясында айналым шығындарын шынайы ақшаларды (алтынды, күмісті) несие ақшаларына ауыстыру сондай-ақ қолма-қолсыз төлемдерді дамыту мен жеделдету, валютаның қолма-қолды айналымын халықаралық несиедік операцияларға ауыстыру арқылы үнемдеу.

3. Капитал шоғырлануын және орталыктануын жеделдету.

Халықаралық несиені дамыту:

- 1) халықаралық еңбек бөлінісінің және экономикалық ықпалдасудың тереңдеуімен;
- 2) өндірісті мамандандырумен, кооперациялаумен;
- 3) елдердің табиғи ресурстармен және жұмыс күшімен бірдей қамтамасыз етілмеуімен;
- 4) жекелеген елдердің экономикалық дамуының біркелкі еместігін жою қажеттілігімен;
- 5) дамушы елдерге экономикалық көмек көрсету қажеттілігімен;
- 6) дамушы елдердің дамыған елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастығымен байланысты факторлардан туындайды.

Мемлекеттің несие ресурстары халықаралық несие беру үшін:

- 1) жинақтау қорларына жататын мемлекеттік бюджет қаражаттарынан;
- 2) ұжымдық ссудалық қорлардан (ұлттық және халықаралық банктердің меншікті және тартылған қаражаттарынан);
- 3) мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаттарынан тұрады.

Халықаралық несие ақшалай түрде *ұлттық валюталармен* және *еркін айналатын валюталармен* беріледі.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар ақша және тауар нысанында беріледі. Несие субъектісі мемлекеттік уәкілетті органдар арқылы елдер болып саналады.

Мемлекеттік несиелер жөніндегі қатынастар мына негіздерде қаржы қатынастарына кіреді:

1) мемлекеттік несиелер жолымен жұмылдырылатын қаражаттар әр түрлі қажеттіліктерді — өндірістік, өндірістік емес, сол сияқты стратегиялық, оперативтік қажеттіліктерді қаржыландыруға бағытталатын мемлекеттің қаржы ресурстары ретінде қаралады.

2) алынған және берілген несиелер үшін есеп айырысулар, олар үшін пайыздар төлеу бюджеттердің — үкіметтің қарыз алулары кезінде орталық (республикалық) немесе биліктің жергілікті органдарының қарыз алулары кезінде жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Халықаралық несиені пайдалану экономиканың дамуын жеделдетуге, экономикалық даму деңгейлерін теңестіру процесіне, сыртқы сауданың өсуіне, экономикалық ықпалдасуды шапшандатуға оң ықпал етеді.

Мемлекет несие ресурстарын:


- 1) бюджет тапшылығын қаржыландыру;
- 2) ұлттандырылған және аралас кәсіпорындарға жұмсалатын күрделі жұмасымдарды қаржыландыру;
- 3) биліктің жергілікті органдарының шаруашылық органдарын қаржыландыру;

Қайта бөлу функциясы

Бұл халықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің уақытша бос ақша қаражаттарын шоғырландырумен байланысты. Несиенің көмегімен біршама азғантай, орташа жинақ ақша мемлекетте шоғырландырылады және оның қажеттіліктерін қаржыландыруға бағытталады.

Реттеуші функциясы

Бірінші кезекте мемлекет несиелік пайыздың мөлшеріне ықпал жасай отырып, ақша ағындарын реттейді



Қазақстан Республикасында мемлекеттік қарыз алуды Қазақстан Республикасының Үкімет, Ұлттық банкі және жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Үкіметтің қарыз алуы республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру мақсатында. Ұлттық банктің қарыз алуы Қазақстан Республикасының төлем теңгерімін қолдау және Ұлттық банктің алтын-валюта активтерін толықтыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатымен айқындалатын басқа да мақсаттарында жүзеге асырылады. Ал жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз алуы аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыруға байланысты жергілікті бюджеттің тапшылығын жабу мақсатында жүзеге асырылады.

Халықаралық экономикалық қатынастар тәжірибесінде, сондай-ақ *экспорттық немесе «байланысты несиелер»* формасы қолданылады. Экспорттық несиелерді пайдаланудың зардабы мынада: олар елдің сауда балансына ықпал етеді. Қосымша қаржыландыру есебінен импорт ұлғаяды, бұл сауда балансының тапшылығын туғызуы немесе оны ұлғайтуы мүмкін.

Факторинг – банктердің тапсырыскерге көрсететін қызмет түрі. Жеткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін төленбеген төлем құжаттарын несиелендіру. Факторинг ролін банктер, несие, қаржы мекемелері атқарады. 1988 жылы Халықаралық факторинг туралы конвенция қабылданды. Алғашқыда факторинг 16-17 ғ.ғ, пайда болған, оны саудагерлер өз тәжірибесіне алғаш енгізілген. Соңына қарай онымен сауда банктері айналыса бастаған.

Факторингтік операциялардың мыналар бойынша жасалмайтынын ескеру қажет:

- Жеке тұлғалардың қарыздық міндеттері бойынша;
- Бюджеттік мекемелердің қоятын талаптары бойынша;
- Банктердің несиеден алынып тастаған немесе төлем қабілетінсіз деп танылған кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелері бойынша;
- Кәсіпорындардың филиалдары немесе бөлімшелердің міндеттемелері бойынша;

Факторинг операциясы бүгінгі таңда отындық ақша нарығында дами алмай отыр. Факторингті енгізу сынағы негізінен 1988 жылы КСРО өнеркәсіп құрылыс банкімен жүзеге асырылып, кейіннен өзге де коммерциялық банктер факторинг операцияларын орындай бастады. Сөйтіп, 1990ж басындағы төлем дағдарысы факторинг қызметінің банктер үшін тиімсіздігін айқындап нәтижесінде отандық банктеріміз күні бүгінге дейін бұл операцияға салғырттық танытуда.

Студенттің өздік жұмыс тапсырмалары:

1. Валюта нарығы түсінігі
2. Форфейтинг түсінігі?
3. Лизинг түсінігі, түрлері?